

**Шайзан Б.<sup>1</sup>, Альмухаметов А.Р.<sup>2</sup>, Нұржан Н.М.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>PhD докторанты, e-mail: baurjanshaizan@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: alirauf210@mail.ru

<sup>3</sup>магистрант, e-mail: nureke\_07121992@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ҮКІМЕТІНІҢ  
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗГЕН  
МИССИОНЕРЛІК САЯСАТЫ**

Мақалада Ресей империясы мен проваславиялық миссионерлердің қазақ жерінде жүргізген діни саясатына талдау жасалады. Қазақстан аумағындағы орыс проваславиялық шіркеуі қазақ қоғамын пұтқа табынушы дәстүрді тасымалдаушы ретінде қарастырды. Ресей империясы орта Азия елдеріне отарлау саясатының ықпалын арттыру мақсатында проваславиялық миссионерлік үгіт насихатты қолдады. Осылайша Ресей империясы қазақ жеріне проваславия дінін күштеп енгізу мақсатында ислам дінінің әлсіреуіне ықпал етті.

**Түйін сөздер:** миссионерлік, православие, ислам, христиан, шоқындыру,

Shazian B.<sup>1</sup>, Almkhametov A.<sup>2</sup>, Nurzhan N.M.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student, e-mail: baurjanshaizan@mail.ru

<sup>2</sup>Associate Professor, Candidate of Philosophy.s., e-mail: alirauf210@mail.ru

<sup>3</sup>Master's degree, e-mail: nureke\_07121992@mail.ru

Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak», Kazakhstan, Almaty

**Missionary policy of royal Russian power in the Kazakh steppe**

The article presents an analysis of the religious policy of the Russian Empire and Orthodox missionary work among the Kazakh population. The Russian Orthodox Church in Kazakhstan considered the Kazakh society as the bearer of the pagan tradition. In order to consolidate the position of the Christian state in their Asian countries, the government bodies of the Russian Empire supported the idea of the missionary propaganda of Orthodoxy among the «foreigners» of the empire and the forced spread of Christianity among the Kazakhs. Thus, the colonial policy of the Russian empire in Kazakhstan was aimed at enforcing Orthodoxy through the prism of reducing the sphere of influence of Islam.

**Key words:** missionary, orthodoxy, Islam, foreigners, baptism,

Шайзан Б.<sup>1</sup>, Альмухаметов А.Р.<sup>2</sup>, Нұржан Н.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, e-mail: baurjanshaizan@mail.ru

<sup>2</sup>к.филос.н., доцент, e-mail: alirauf210@mail.ru

<sup>3</sup>магистрант, e-mail: nureke\_07121992@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак. Казахстан, г. Алматы

**Миссионерская политика, проводимая правительством  
Царской России на территории Великой Степи**

В статье представлен анализ религиозной политики Российской империи и православного миссионерства среди казахского населения. Русская православная церковь на территории Казахстана рассматривала казахское общество как носителя языческой традиции. С целью закрепления позиции христианского государства в своих азиатских странах органы государственной власти Российской империи поддерживали идею миссионерской пропаганды православия среди «иностранцев» империи и насильственного распространения христианства

среди казахов. Таким образом, колониальная политика Российской империи в Казахстане была направлена на насильственное насаждение православия через призму сокращения сферы влияния ислама.

**Ключевые слова:** миссионер, православие, ислам, инородцы, крещение.

## Кіріспе

Қазақ жерінің Ресей империясының құрамына енгеннен бастап, Ресей империясы отарлауды кезең-кезеңмен жүзеге асырды. Алғашқы кезекте бекіністер салып, негізгі күштері соған жұмылдырылды. Шекараны нығайтқаннан кейін, қол астына өтіп жатқан отар халықтың санасына, салт-дәстүріне ықпал ету мақсатында рухани болмысына қол сұға бастады.

Отарлау саясаты қазақтардың тек материалдық жағдайын ғана емес, сонымен бірге рухани адамгершілік мүддесін де қысымға салды. Әскер күші арқылы елдің ішкі тірлігіне араласып, жергілікті шаруаларды қонысынан қуа бастады. Олардың орнына ішкі Ресейдің жоқшылыққа ұшыраған орыс босқындарын әкеліп орналастырды. Патша үкіметі: «шаруашылық және адамгершілік жағынан қамтамасыз етілген шаруалар өлкеде орыстандыру саясатын жүргізіп, отаршылдық әскерлерді толықтырудың негізі болады деп есеп құрды».

Қазақтардың «бұзылмаған» жандарына мұсылмандық ықпалдан басты қауіпті көрген патша әкімшілігі қайта өзгертулермен бірге, өлкені орыстандыру мен ассимиляциялау мақсатындағы миссионерлік-колонизаторлық жұмыстарды да алға қойды.

Миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Себебі татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ берді, дін таратты, кеңсе жұмыстарын атқарды, тілмаштық қызмет ету істерінің бәрі де солардың қолында болды. Алғашқы кезде «татар молдаларын дайындықтан өткізіп, ислам діні арқылы «құдай бір, патшанікі уәжіп» деген сенімді орнықтырғысы келген Ресей әкімшілігі, ендігі жерде қазақ даласына татарлардың баруына тыйым салды. Татар молдалардың ішінде де прогрессивті ойлардың туындай бастағаны және мұсылмандығы күшті халықтарды шоқындырудың қиынға түсетіндігі оларды осыған әкелді. Демек, патшалық орыс үкіметінің қазақ даласына күшпен жүргізген шоқындыру саясатын зерттеп, зерделеу әлі де көп ғылыми ізденісті талап етері сөзсіз. Сондықтан, бұл мақаламызда, қазақтарының діни білімі мен

рухани болмысына әсер еткен тарихи кезең туралы кеңірек мәлімет беруді мақсат еттік.

Ресей империясы мен провазлавиялық миссионерлердің қазақ жерінде жүргізген діни саясатына байланысты кейбір тарихшылар мен жазушылар тарапынан зерттеулер жүргізіліп, көлемді материалдар беріліп отырған. Айталық, Құранбек Әсет Абайұлы, Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы), Жанақов Б.М., Қазақстандағы ислам мәдениеті: Наурыз-Мұхаммед Таласұлының мұрасы. Монография. Астана. Мастер ПО ЖШС, 2017. 134-б. Әбенова Бибігүл Сейілқызы, 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары, диссертация, Алматы, 2000. Батырханов Ф. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізілген миссионерлік саясаты (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). Диссертация. Алматы. 185-б.

Орыс тіліндегі әдебиеттерден: Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине 19 века. – Алматы: Казахстан., Мустафина Р.Ф. Представления, культы, обряды у казахов. Алматы. Қазақ университеті. 1992. Ағылшын тіліндегі діни оқыту жүйесіне қатысты кітаптар: Mission of Russian Orthodox Church in Kazakhstan in the XIX Century: Activity, Exhectations and Resulrs. Ал баспасөз бен интернет беттерінде: <https://kk.wikipedia.org/wiki/орыстандыру>, <http://ikaz.kz/patsha-okimetinin-zh%D2%AFrgizgen-konystan/>

## Зерттеу жұмысының әдістемесі

Зерттеу барысында логикалық және тарихи, герменевтикалық-комперативистикалық және салыстыру тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер Қазақ жерінде жүргізілген отарлау, орыстандыру саясаты негізінде ислам дініне көрсетілген қысым мен шоқындыру мәселелерінің жүзеге асуы мәселесі зерттеуге мүмкіндік береді. Байқағанымыздай, шоқындыру саясатының Білім беру мен қоныстану жағдайындағы әлеуметтік-саяси пікірлер мен тұжырымдар сараланып, дінге деген қоғамдық көзқарастар, сол кезде қалыптасқан діни ахуалға сипаттама жасап талдау және ғылыми айналымға енгізу

дінтану саласының дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

### Нәтижелері және талқылау

Қазақ жерінің Ресей империясының құрамына енуі Әбілқайыр ханның алғаш рет елші жіберуімен басталып 1,5 ғасырға созылды. Әлемдегі жер көлемі бойынша тоғызыншы орынға ие мемлекетті отарлау саясаты да оңай болмағандығын байқаймыз.

XVIII ғасырдың орта шенінен XIX ғасырдың басына дейін Қазақстанда отарлап алудың вассалдық және протектораттың кезеңін басынан өткерген Ресей империясы XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап отарлауды біржолата аяқтауға кірісті (Құранбек, 53).

Бірінші кезекте бекіністер салып, негізгі күштері соған жұмылдырылды. Шекараны нығайтқаннан кейін келесі кезекте қол астына өтіп жатқан отар халықтың санасына, салт-дәстүріне ықпал ету мақсатында рухани болмысына қол сұға бастады. 1865 жылы «Православие миссионерлік қоғамы» құрылды. Оның мақсаты патша үкіметіне қарайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың христиан дінінде болуы. Соның нәтижесінде 15 жыл ішінде 86 мың адам, ал 1881-1894 жылдар аралығында 129 мың адам христиандықты қабылдайды. Жалпы айтқанда 29 жыл көлемінде 215 мыңнан астам мұсылмандар христиандыққа өтті (wikipedia.org, 17).

Қазақ жерінде отарлау саясаты қалай жүргендігі жайында Б. Жанақов былайша жазады: «Патшалық отаршылдар жаулап алған жерлеріндегі жергілікті тұрғындарды «туземец» деп атаған. Оларды кемсітіп, жабайы адамдар деп қабылдаған. Отарлау саясатын жүргізу барысында ең алдымен басып алынған жерлердегі мемлекет деген ұғымды жойып отырған. Тұрғылықты халықтың салт-дәстүрлер мен тұрмыс тіршілігіне араласып, нұқсан келтіріп, дініне қолын сұққан болатын. Соның салдарынан жаулап алынған елді мекендердегі халықтың санасы мен салты дағдарысқа ұшырап, халық өз ұлтына қатысты талай құндылықтардан қол үзіп қалады.

Зеттеушілердің пікірінше Қазақстанды отарлау үдерісі XIX ғасырдың бірінші ширегінде басым байқалған. Аз уақыттың ішінде «сібір қырғыздары уставы» атты жарлық жасалып, соның негізінде Қазақстанның біраз бөлігі алтыға бөлініп, округтер құрылды. Соның салдарынан Қазақстан Ресей патшалығының бір бөлігі болып танылып, жері, суы, басқа да байлықтары

патшалықтың қарамағына еніп, экспансия әрекеті орын алды. Ресей патшалығының көздегені мақсатты түрде қазақ жеріндегі хандық жүйені жою арқылы қазақтың мемлекеттігіне балта шабу еді. Мәселен, Көкшетау округі 1824 жылдың 29 сәуірінде ашылды. Округті ашқан подполковник Григорьевский Батыс Сібір бас губернаторы Капцевичке 30 сәуірде жазған рапортында айтып жеткізген болатын. Оған қоса, 1867-1868 жылдары «Қазақ даласын басқарудың уақытша ережесінің «енгізілуі де қазақтарға біраз қиындықтар туғызғанын Орынбор әкімшілігінің «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ережені» Орал, Торғай облыстарына басқа да қазақ жерлеріне қатысты қолданып, енгізу бағытындағы қызыметі мен реформаның қазақ қоғамына, тіліне, дініне, мәдениетіне тигізген зардабы орасан зор болды. Үш ғасырға жуық уақыт патшалық Ресейдің орталық езгісі мен қызыл империяның қол астында болған қазақтардың қаншама қайғы-қасірет көріп, ауыр азап шеккені және өзіндік бірегей мәдениетімен қоса, тіпті дербес ұлт ретінде жойылып кете жаздағаны зиялы қауымға мәлім. 1867-1868 жылдары орын алған реформалар мәселесіне Б.С. Абенова, Х.А. Арғынбаев және Дмитрий Буланин өз еңбектерінде кеңінен тарқатып өтеді. Қазақ қоғамы ұлттық саналары улана қоймаған шағында Ресей патшалығының отарлау саясатына наразылықтарын білдіре бастайды» (Жанақов, 2017, 8-9)

1. Білім беру саласындағы шоқындыру саясаты

Қазақ балалары негізінен мектептер мен медреселерде оқыды. Ал, мұсылмандық мектептер мен медреселер Ресей патшалығы үшін негізгі қауіпті күш ретінде есептелді. Сол себепті олар билік тарапынан қолдау тапқан жоқ еді.

XIX ғасырдың басында Қазақстан жерінде ашылған орыс-қазақ мектептері сирек болса, XIX ғасырдың екінші жартысында мұндай мектептердің санын көбейту қолға алынды. Орыс-қазақ мектептерін ашудағы түйінді бағыт: «Ресей азаматтығының идеяларын қалыптастыру, яғни Ресей тағына шын берілген қазақтарды тәрбиелеу еді» (Құранбек, 54).

Сол себепті мұсылман халықтарын шоқындырудағы негізгі күш ислам дінін жаюдағы қайнар көзі болып табылатын мектеп-медреселерді қолға алуға салынды. Себебі олар мұсылманшылықты сақтап тұратын негізгі тірек болды.

Патшалық қазақтарға кеңінен білім беруге мүдделі болмады, қазақтардың ой-өрісін

кеңейтуден қорықты, қазақтар жан-жақты білім алса, өздерінің тұрмыс болмысына сын көзбен қарай отырып, құқсыз, қорлық жағдайын түсінетіндей дәрежеге көтеріледі деп қауіптенді. Ол туралы Баллюзек Орынбор генерал-губернаторына былай деп жазды: «жалпы, бұратаналардың ақыл-ойын жоғары дәрежеде дамыту мемлекет үшін пайдалы ма? Халықтарды тарихи ұйқысынан оятумен, немесе, басқаша айтқанда, бұқараны дамытумен бірге оларда өздерінің ұлттық сезімі пайда болатынын тарих бізге тікелей көрсетіп отыр. Егер ол халықтарда ұлттық сезім оятатын болсақ, онда Ресей өзіне оңайлықпен жеңе алмайтындай қиыншылықтар туғызады. Оны болдырмау үшін, меніңше, ең алдымен, бұратаналар арасында орыс элементін күшейтуге, кейін оларды бірте-бірте түпкілікті орыстандыруға тырысу қажет. Бұл жағдайға бұратана халық арасында орыс тілін, орыстың білімін, орыстың салт-дәстүрін тарату арқылы және бұратаналарды орыстармен тығыз араластыру арқылы қол жеткізуге болады; оларға классикалық білім берудің бұл жерде тіпті де қажеті жоқ» (Әбенова, 200, 140).

Православие діні мен патша билігінің мызғымайтындығын насихаттауда мектептер жүйесі ерекше орын алды. Патшалық мектеп әкімшілігі орыс-қазақ мектептеріндегі оқыту ісін және тәртіп пен режимді оқушылардың бойына христиан дініне сенушілік, патшаға шын бағынушылық сенімдерін сіңіру мақсатына сай құруға тырысты. Мектептерде уақыттың көбі діни және патша фамилиясына арналған күндерді тойлауға бөлінді.

Ресей мемлекетінің қазақтарға қатысты жүргізіп отырған саясатының мәнін өз кезегінде статский советник Д.В. Волков: «Орынбор өлкесі жөніндегі жазбаларында: «Біз қырғыздардың Ресейді Ресей үшін сүюіне және ақырындап орыстануына қол жеткізуіміз керек»» (Волков, 1859, 51).

Крыжановский «Уақытша Ережені» дайындау комиссиясына жіберген өлкедегі мектептер жағдайы жөніндегі мәлімдемесінде: «қырғыздардың оқуға деген ынтасы зор. Жергілікті халықтың осы табиғи қабілетін олардың арасында орыс тілін тарату үшін пайдалану керек, ал оған халықтың қажеті мен үкіметтің көздеген мүддесін қанағаттандыратын мөлшерде ұйымдастырылған халық мектептері арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін, әрине, оқу орындарына бөлінетін қаржыны ұлғайтуға тура келеді. Бірақ бұратаналарды өркениет рухы мен мүддесінде оқытуға жұмсалатын шығындардан

қайтар пайда соншалық, ол шығындарға бола, бұл істі тоқтатуға болмайды» (ҚР ОМА 3), – деп жазды.

Шоқан Уәлихановтың, Салық Бабажановтың орысша білім алғаны белгілі. Қазақ жеріндегі кейбір қазақтар да орыс тілінде білім алуға талпына бастады. Қ. Әуезовтің «Науан Хазіреті» атты кітабында Шорманов Сәдуақас Мұсаұлының Г.Н. Потанинге жолдаған хатынан үзінді келтірілген. Онда Шормановтың «Қазіргі уақытта қазақ балалары әртүрлі оқу орындарында оқи бастады. Гимназияда 19 адам, кадет корпусында 5 адам, мұғалімдер семинариясында 4 адам, техникалық училищеде 2 тәрбиеленуші оқып жүр. Барлығы Омбының оқу орындарында 30 қазақ баласы, біреуі Петербург университетінде білім алуда» деп жазған хаты келтіріледі. Бұл мәселеге қатысты Ядринцев шығармаларында, қазақтың кейбір әулетті адамдар балаларын оқытуға қимай, орнына кедейдің балаларын сатып алып жіберіп отыратын болған деп келеді. (Sadvokasova, 2013:2)

Патшалық үкімет арнайы шешім қабылдай отырып, қазақ даласындағы жергілікті халықтың әкімшіліктің рұқсатынсыз медресе, мектеп-интернаттарды ашуына тыйым салады. Шектеу талаптарының бірінде: «мектептер мен медреселерде балаларын оқытқысы келетін адамдардың бәрі ол үшін оқу басшылығының белгіленген куәлік формасында рұқсат алулары керек» делінеді. Куәлік үшін 50 тиын мөлшерінде ақша төлеу тиіс. Оқыту үшін рұқсат куәлігін алмағандарға айыппұл салынады. Ал кім оған да көнбесе, ондай адамдарға бұдан былай мұсылман мектептерінде балаларын оқытуға тыйым салынады. Патшалық үкіметтің қазақ даласында білім беру жүйесіне қатысты саясатын Б.С. Абеннова, Х.А. Арғынбаев және Дмитрий Буланин келтіреді. Мектеп ашуға арнайы бірқатар шарттар қойылады. Қойылған шарттардың негізгілерінің бірі мектептерде орыс тілінің оқытылуы. Сондықтан, орыс тілін бағдарламаға енгізбеген қазақ мектептері жасырын түрде жұмыс істеуге көшеді (Жанақов, 2017, 10-11).

Мұндай мектептердің бағыты 1870 жылдың 26 наурызында қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарды оқыту шаралары жөніндегі» Ережелерде: «біздің отанымыздың иеліктерінде өмір сүретін барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсат – оларды орыстандыру және орыс халқымен кіріктіру» (ҚР ОМА. 25-кор, 3) – деп анықталды.

Орыс чиновниктерінің бірінің мәлімдемесінде қазақтар «өте нашар дамыған және орыстық қоғамдық өмірге бейімделмеген, діни нанымы мен тегі жағынан орыс халқына жат халық болғандықтан, өзінен күшті халықтың қанауына көнуі тиіс» (ҚР ОМА. 44-қор 3) – деп жазған.

Қазақтарды орыстандыру бағытында алфавитті өзгерту ісіне ерекше көңіл бөлінді. Патшалық Ресейдің педагогика ғылымының қайраткерлері Н. Ильминский мен Н. Остроумов араб тілі мен графикасының орыстандыру жолында тежеу болатынын түсініп, мектептерде қазақ балаларын оқытуда орыс графикасы мен орыс алфавитіне көшуді мақұлдады. Олар орыс алфавитін енгізудің қажеттігін татар атаулары «қырғыздың табиғи тілін бүлдіреді», ал орыс алфавиті ешқандай өзгеріссіз өзінің жазуы жоқ қазақтарды толығымен қанағаттандырады деп дәлелдемек болды. Патша чиновниктері Қазақстанда орыс алфавитін енгізу туралы мәселені көтере отырып, қазақтардың «татарлануына» қарсы және олардың ана тілінің тазалығы үшін күрескенсіді (Әбенова, 200, 132).

Н.И. Ильминский Қазандағы діни академия мен зайырлы білімді оқып бітіріп шығып, біршама жаңа идеяларды ұсынған болатын. Христиан дінін қатты сүйетін ол христиандықты оқу-ағартушылық саланың таптырмас бір бөлігі ретінде қарастыратын. Яғни, білімге жету, мәдениетті үйрену, өркениетті дамыту жолдарының бірі христиан діні деп санаған. Сонымен қатар Ильминский зерттеу саласына көп қызығушылық танытты. Сөйтіп патша үкіметі оны зерттеу жұмыстары мен Орталық Азия аймағына, нақты айтқанда қазақ даласын толығымен зерттеуге жіберді. Ильминскийдің өзінің айтуы бойынша, ол қазақ даласын зерттеу барысында, қазақтардың тіліне, мұсылманшылығына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпы мен мәдениетіне қатты тамсанады. Осылай жүріп қазақ тілінде жаттап алады. Бірінші орысша-қазақша сөздікті жасағанда осы Ильминский болатын (wikipedia.org, 19)

Ғалым М. Мырзахметов айтқандай, «Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда – бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым-нанымынан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан қалай илесен, солай қарай жығыла беретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты» (Мырзахметов, 2001,20)

1870 жылдың 26 наурызындағы Ережелер жарияланғаннан кейін, Орал, Торғай облыстарында орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Мектептер екі түрде болды: 4 жыл оқытатын бір класты мектептер және 6 жыл оқытатын екі класты мектептер. Бір класты мектептер бастауыш білім берді. Ал екі класты мектептерде балалар орыс тілінен жетілдіріліп, арифметика мен жаратылыстануға және бейнелеуге оқытылды, тарих пен жағрафиядан тек қарапайым білім берілді (Волков, 1859, 133).

Отарлық әкімшіліктің мектептерге байланысты нұсқаулары мен ережелері түгелімен орыстандыру мақсатын көздеді. Мысалы, Орынбор оқу окрыгының попичительдер құрамы бекіткен (1888 ж, 8 желтоқсан) Ережелер бойынша Орынбор қазақ мұғалімдер мектебінің тәрбиеленушілеріне «...мектеп ішінде де және мектеп қабырғасынан тыс жерде және өзара әңгімелескен кезде де орыс тілінен басқа тілде сөйлеуге тыйым салынды» (ҚР ОМА. 95-қор, 22).

Мектептердің оқу жоспарларында сағат санының көп мөлшері орыс тіліне бөлінді. Мысалы, Орынбор облыстық Басқармасы жанындағы қазақ балаларына арналған мектепте төменгі, ортаңғы және жоғарғы кластарда өтетін 11 пәнге белгіленген апталық 53 сағат мөлшерінің ең көбі – 12 сағаты, яғни 22,6 %-ы – орыс тілінің, 8 сағаты, яғни 15 %-ы қазақ тілінің үлесіне тиді, қалған 9 пәннің әрқайсысы барлық сағаттың 3,7-11 %-ын құрады (ҚР ОМА. 78-қор,4).

Патшалық әкімшілік отарлау-орыстандыру саясатын табысты түрде жүзеге асыру мақсатымен қазақ қыздарына арналған мектептер ашу мәселесін қолдай бастады. Торғай әскери губернаторы Я. Барабаш қазақ қыздары «жас ұрпақтың тәрбиешілері ретінде орыс мүддесіне сай әрекет етулері үшін оларға орыс әкімшілігі тарапынан жан-жақты қолдау мен тілектестік көрсетілуі тиіс» (ҚР ОМА. 25-қор, 4), – дей келе, облыс территориясында қазақ қыздарын оқыту үшін мектептер ашыла бастағанын және бұл мектептерден шыққаннан кейін олар өз өмірлерін мектепте алған ұғымдарына сай құруға тырысатындары туралы айтты (Волков, 1859, 136).

Орынбор оқу округының попечителі Михайлов қазақ қыздарын бұл мектептерде «қолөнер шеберлігімен бірге, сауат ашуға, орыс тіліне оқытуға, сол арқылы қырғыздарды орыстандыруға жағдай жасауға болады» (Тажимаев, 1962 132), – деп көрсетті. Осы-

лайша, ағартушы-ғалым Ы. Алтынсариннің бастамасымен, өтінішімен және атсалысуымен қазақ қыздарын ілім-білімге, мәдениетке тарту мақсатына бағытталған мектептердің ашылуына жол бергенде патшалық әкімшілік өзінің орыстандыру мүддесін көздеген еді. Сөйтіп, 1891 жылы Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Қарабұтақ қалаларында бастауыш білім беретін қыздар мектептері пайда болды.

Атышулы миссионер Н. Ильминский «Уақытша Ереженің» 259-бабына қатысты Халық ағарту министріне (1869 ж. 5 ақпан): «259-шы бапта молдаларға, мейлі орыс басшысының рұқсатымен болса да, мешіттер жанынан мектептер ашу құқығы берілген. Алғашқыда, әрине, олар сауат ашатын кішкене ғана мектептер болады, сонан соң бұл мектептер кәдуілгі медреселерге айналуы мүмкін; бар мәселе молдада, егер ол білімді болса, мектептің сол қарапайым жағдайының өзінде жоғарғы курстарды оқи береді. Сондықтан да, мен өлкеде мектептер мен медреселерге жол бермей, кішкентай ауыл мектептерін дамытуды талап етер едім» деп жазды.

Мұсылман дінінің ықпалын шектеу, мектептер мен медреселерді әкімшілік бақылауына алу және оларда орыс тілін оқыту мақсатымен 1870 жылғы 26 наурыздағы қабылданған Ережелер мынандай шаралар белгілеп, оларды іске асыру жолдарын көрсетті:

А) жаңадан мектептер мен медреселер ашуға олардың жанында орыс тілінің мұғалімдері болған жағдайда ғана рұқсат ету және де ол мұғалімдер мұсылман қоғамының есебінен жұмыс істейді;

Ә) мектептер мен медреселердегі орыс класстарына бақылау жасау бастауыш училищелер инспекторларына жүктеледі (ҚР ОМА. 25-қор, 1).

Аралас мектептердегі оқу барысында қазақ балаларының саналарына орыстанумен бірге біртіндеп христиан дінінің идеялары кіргізілуі керек болды. Миссионерлі идеяны алдын ала басты мақсат етіп қойған бұл мектептердің негізгі міндеттерінің бірі, бұратаналардың санасына христиандық ұғымдарды олардың өз тілінде жазылған ерекше құрастырылған оқулықтар ұсыну жолымен құю болып табылады.

Ғалымдар М. Мырзахметов пен Б. Батырхановтар келтірген мәліметтер бойынша қазақ тілінде миссионерлікті уағыздайтын 72 кітап 1847-1917 жылдар аралығында құрастырылып, жарық көрген (Батырханов, 32). Оқытудың бұлайша жолға қойылуы миссионерлерді «қырғыз балаларының» православиені өздері қабылдауға әкеледі деген сенімге жетеледі.

Араб әліпбиін ығыстыру мақсатымен миссионерлер кириллицаны енгізуге шақырды. Миссионерлік әдебиеттер де кириллица әрпімен таратылды. Орыс алфавиті арқылы оқушыларды мәдени ассимиляцияға ұшыратқысы келген олардың араб жазуын қолданыстан шығару арманы XIX ғасырда жүзеге аспады. Кириллица орыс-қазақ мектебі қабырғасында қолданылғанмен халық араб жазуын тастаған жоқ.

Н. Ильминский, Н. Остроумов, А. Алекторов бастаған орыс миссионерлері қанша талпынғанымен «орыс миссиясының» қызметі қазақтарды шоқындыру ісінде айтарлықтай нәтижеге жете алмады. Негізінен алғанда христиандықты қабыл алғандар түгі жоқ кедейлер немесе қандай да бір мүддені көздеген қазақтар болмаса, тұтастай алғанда қазақ халқы шоқындырудан бас тартты.

## 2. Қоныстандыру арқылы шоқындыру

Отарлауды нығайта түскен кезекті бір қадам ол – қоныстандыру саясаты болды. Қазақ жеріне славян халқынан алғаш қоныс аударғандар казактар болып табылады. Қазақстанның солтүстік өлкесінен 2 жөргемнен 7 мильге дейін кең байтақ жер телімі берілді. 1900 жылы қазақ даласында 404 казак деревнясы болды. Сол жылы казактар қарамағындағы жер көлемі 11,5 миллион десятинаға жетті. Бұл бүкіл Қазақстан аумағының жетіден бірін құрайтын еді. 1870 жылдан қазақ жеріне ішкі Ресейден шаруалар көптеп қоныс аудара бастады. Казактарды шаруалардың алмастыруы 1880 жылдан соң басталады. Ақмола облысының Петропавл және Көкшетау уездеріне 1860-75 жылдар аралығында 30 үй қарашекпен көшіп келді. Одан кейінгі 1878 жылға дейінгі бас-аяғы үш жыл ішінде 287 үйлі мұжық келіп орнығып алды. 1879 бен 1881 жылдар аралығындағы үш жылда жаңа қоныстанғандардың саны 375-ке жетті. Келесі үш жылда келгендердің саны 418 үй болды. Қазақтардан қалған шұрайлы жерлерге орыс шаруалары қоныстандырылды. Қамалдар мен бекіністердің жанынан поселкалар салына бастады. Қазақ жерінде орыс мұжықтарына артық жердің бар ма екендігін анықтау мақсатында арнайы экспедиция құрылып солтүстік өңірлерді зерттейді. Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша 510063 десятинаға құнарлы жер тартып алынып, орыс мұжықтары қоныстандырылды (16).

Патша үкіметінің отарлау саясаты көрінісінің бірі – Ресей жерінен Қазақстан территориясына әр түрлі ұлт азаматтарының жер аударуын атап өтуге болады. Мәселен, 19 ғасырдың соңы мен

20 ғасырдың басында қазақ даласына жүздеген адамдар саяси қудалаумен жер аударылған болатын. Сол тұста, Қазақстанға күштеп көшірілген азаматтардан бөлек өз еркімен келген азаматтардың да бар болғаны белгілі. Қоныстанғандар патша үкіметіне қарсы революция ұйымдастыруға әрекет етеді. Олардың кейбірі қашып құтылады. Қалып қойғандар болса, жергілікті қазақ халқымен бас қосып, оларды патша үкіметіне қарсы шығуға үгіттегені туралы айтылады.

Патша үкіметінің саясатына онсызда риза емес, ұлттық-діни қысымдық көріп отырған жергілікті қазақ халқына жер аударылған азаматтардың революциялық көңіл-күйлері әсер етті. Бұл жайында В. Галиев өзінің «Ссылные революционеры в Казахстане» атты кітабында былай көрсетеді: «Между народовольцами в Казахстане существовали разнообразные связи. В одних городах роль связных выполняли агенты, в других сами ссылные. Так, Кокчетаве связными «Народной воли» был писарь уездного управления В.И. Колобов, а в Каркаралинске – Бетехтин. В 1880 году полиция доносила: «Колобов и Бетехтин принадлежат к числу сообщников политических ссылных, оказывали последним содействие при побегах в местах ссылки». В местах ссылки народовольцы продолжали заниматься привычными делами: читать нелегальную литературу, организовывать побег, устраивать протесты», – деп келтіреді В. Галиев.

1896-1916 жылдары аралығында Қазақстанды басып алған орыс мигранттарының толқыны елдің географиялық жағдайын түбірімен өзгертті. Жиырма жыл ішінде оның халқы 2 млн. адамға өсті, солтүстік уездер тұрғындарының саны екі есе артты. Қазақстанда орыстардың саны үш еседен артық өсті, ал жергілікті халық саны бар болғаны 14 пайызға ғана артты, кейбір өңірлерде кеміп кетті. Орыстар 1897 ж. Қазақстан халқының 14 пайызын, 1916 ж. 35 пайызды құрады. Келімсiктердiң көбi ауылдарда орналасқанымен, 1911 ж. Омбыда 125 мың, Петропавлда 40 мыңға дейiн жеткен. Революция қарсаңында орыстар барлық құнарлы жердiң 16 пайыз жерiн иемденiп алды. Патша үкiметi қазақ халқының жерi мен табиғи байлығының айтарлықтай бөлiгiне иелiк еттi. Қазақтарды рухани тұрғыдан құлдыратып, жергiлiктi халықты тiлiнен, дiнiнен айыруда түрлi қатыгездiк шараларға барды (kk.wikipedia.org, 19).

Мәселен, 1905-1910 жылдары Ресейдегі патша үкіметінің саясаты Оралдың шығыс

бөлігін отарлау кезеңін қамтиды. Бұған байланысты Ә. Бөкейханов келесідей фактор арқылы көз жеткізуге болатынын айтады: «Егер 1864-1885 жылдар аралығында Оралдың шығыс жақ бетіне қоныс аударушылардың саны 300000 адамды құраса, 1885-1910 жылдары бұл сан – 2,5 миллионға жетті». Қоныс аударушылардың көп бөлігі қазақ жеріне қарай ұмтылды. Егер 1894-1905 жылдары Қазақстандағы Ақмола, Торғай, Орал және Семей облыстарына 294296 адам көшіп келсе, 1906-1910 жылдары олардың саны 770000 адамды құрады.

Көшіріліп әкелінген адамдар қазақ даласындағы басып алынған жерлерге жаппай қоныстандырылды. Қарсы шығып келіспегендерге бірден шара қолданылды. Сібірді, Қазақстанның солтүстік-батыс, орталық және оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы патша үкіметі Ресей шаруаларын басып алынған территорияларға қоныс аударып, солар арқылы үстемдіктерін жүргізуді мақсат етті. Осылайша Ресейден орыстар мен басқа ұлт өкілдерінің қазақ жеріне жаппай ағылып келуіне жол ашылды. Жалпы алғанда 1856-1916 жж. аралығында Қазақстан территориясына Ресейден қоныстандырылғандардың саны 1,4 миллионнан астам келімсекті құрады.

Өмірзақ Озғанбай өзінің «Государственный Дума России и Казахстан (1905-1917)» атты кітабында сол кездегі патша үкіметінің отарлау саясаты мен қазақтың ұлттық діни қысымға ұшыраған жағдайын былай деп келтіреді: «Процесс колонизации Казахстана Россией в начале XX века достиг небывалого уровня. Административная реформа года не оставила и следа от самостоятельности казахского общества. Казахская степь превратилась в периферийную окраину Российской империи с железными тисками военно-феодального управления. Принятые для казахов Туркестанского края в 1891 годах законы по управлению Степным краем объявили казахскую землю государственной собственностью России. Таким образом, в конце XIX – начале XX века достигшая апогея российская колонизация привела к огромным изменениям в политической и духовной жизни казахского народа. Если обратиться к мировому опыту, то эти кровавые действия русского колониализма останутся в истории как пример хищнического захвата территорий сопредельных государств» (kk.wikipedia.org, 17).

3. Қазақ жеріне жүргізілген миссионерлік қызмет

Қазақ сахарасында ислам дінінің күшейіп кетуінен қорыққан отаршылдар қазақтар арасында првославияны насихаттаумен айналысты.

Бұл іске орталықтан патша үкіметі, синод, 1869 жылы Мәскеуде құрылған миссионерлік қоғам жүйелі бағыт беріп отырды. Ал жергілікті жерлерде бұл жұмысқа генерал-губернаторлар, әскери губернаторлар, уезд бастықтары қолдау жасап, мұрындық болды. Қазандағы діни академияны мұсылмандыққа қарсы бөлімін бітірушілер қазақ даласына христиан дінін насихаттауға, қазақтарды шоқындыруға миссионерлер ретінде жіберілді. Олардың басты өкілдері қатарында Н.И. Ильминский, И.П. Остроумов, А.Е. Алекторов, Ф.Д. Соколов болды.

Миссионерлер ондаған қазақ шоқындырылса, оны азсынып, «мардымсыз» көріп, ал қазақтардың арасында тұратын орыс православие дінінің жоралғысын ұмытса, жандары шығып, әуре-сарсаңға түсті. Ондай орыстар «орыстық-православиелік бет-бейнесін жоғалтқандар» деп есептеліп, оларға қарсы дереу шаралар жүргізіліп жатты. Мысалы, Саколов өзінің сол сапарында 12 жасар Роман атты орыс баласының шашын қырғызып, басына тебетей кейіп, ауылда қырғыз балаларымен бірге татар молдадан мұсылманша дәріс алып жатқанын көргенін айтып, «Орыс адамының осыншама құлдырағанын Құдайым сақтасын!» (ҚР ОМА. 25-қор,79), – деп жан дауысы шықты.

Орынбор әкімшілігі енді «ислализмнің» қазақтар арасында «берік орнығуына кедергі келтіретін ғана әкімшілік шаралар жүргізуге» кірісті:

- Өлкеде мешіттер салуға тыйым салынды;
- Молдалар тағайындау реттелді;
- Өлкеге татар, башқұрт, әсіресе Орта

Азиялық молдалардың келуіне тыйым салынды және олар қатты қудаланды (Әбенова, 200, 142). Жергілікті әкімшілік басшылары өздерінің құпия хаттары арқылы мұсылман дін басыларының іс-әрекеттеріне жасырын бақылау қоюды талап етіп отырды. Олар империясының саяси мақсаты үшін қазақтарды көршілес, исламдық қалпы берік, татарлар мен ортаазиялық халықтардан оқшаулануға тырысты. Патша чиновниктері: «бізде дін мемлекеттің тығыз қатынаста болуына байланысты, татарлар өлкеде неғұрлым аз болса, оған діни тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да соғұрлым аз зиян тигізді деп есептейміз», – деп мәлімдеді.

Өкімет, әсіресе, Меккеге қажылыққа баратындарды қатаң қадағалап отырды. Отаршыл билеушілер, уақытша болса да, елдегі рухани

езгіден құтылып, шетелге шығып, ондағы саяси жағдайлардан хабардар болған тауап етушілер елге келіп, Ресейге қарсы насихат жүргізе ме деп сескенді. Әскери губернаторлар жыл сайын уезд бастықтарынан тауап етушілердің саны көбейсе, ол неге байланысты ұлғайып отырғаны жөнінде есеп беріп отыруды талап етті.

Жергілікті әкімшілік қажылыққа баруға тілек білдіргендерге әртүрлі сылтаулармен паспорттар бермеуге тырысты. Мысалы, 1877-1879 жылдары үш жыл бойы «саяси жағдайларға байланысты» деген сылтаумен Орал, Торғай өңірінен қажылыққа бір де бір қазақ жіберілмеді.

Үкімет тарапынан арнайы дайындалған тыңшылық жасайтын татар молдаларды қазақ молдаларына көмекші ретінде жіберілді. Тіпті, кейбір тыңшы татар молдалары көмекші имам емес, мешіттің бас имамы болып тағайындалған кездер де болған. Олардың негізгі міндеттерінің бірі – патша үкіметіне қазақ даласында болып жатқан әрекеттерді дер кезінде жеткізу болса, екіншіден жергілікті тұрғындар арасында орыс тілін оқытып дамыту болды. Жергілікті басшылар өздерінің құпия дін агенттері арқылы, құпия хат алмасып, олардан мұсылман дін басыларының іс-әрекеттеріне жасырын бақылау жасауды талап етіп отырды. Патшалық үкіметі қазақтарды христиандандыруды да жақсылап қолға алды.

Осы орайда, Архиерей тарапынан 1897 ж. проваславиені мұсылмандар арасында тарату жолдары қарастырылып, арнайы нұсқаулар берілген еді. Бұл үдеріс Қ. Әбуевтің «Науан Хазірет» атты кітабында келтірілген: «1902 жылы 22-ші наурызда арнайы «ереже» бекітілді, онда мұсылмандарды христиан дініне аудару, біріктіру, біртіндеп, күштеусіз, айламен іске асыру көзделді және жаңа дінді қабылдау өз еріктерімен болып жатқандай сипатта өткізілуге тиісті болды».

Ислам дінінің қазақтар арасында тез таралуының патшалық Ресей үшін қауіпті бағыт алуына жол бермеу мақсатында патша үкіметі исламға қатысты өздерінің позициясын заңды түрде қайта қарап, қысым көрсету саясатына көшеді. «Уақытша Ереженің» негізінде Қазақстанды ұлттық саяси дербестігінен айырған патшалық ислам дінінің таралуы үкіметтің отарлау саясатының мақсаттарына қайшы келгендіктен, оны қолдаудан бас тартты (kk.wikipedia.org, 13).

Патша үкіметі 1869 жылы 27 қарашада Консистерия қаулы қабылдады. Ол қаулыда «қазақ даласындағы шоқындыру саясатының баяу



жүріп жатқандығы, сондықтан қазақтар үшін православие дінін тарататын мекемелер ашу жөнінде» айтылады. Бұл мекемелердің өте қажет екендігін өздерінше былай дәлелдеп те қояды: «Киргизы, как много и лично в текущем 1869 году дознано из двух или трех собеседование с ними через бывшего при мне переводчика нерасположены к христианской религии и отвечали на мой вопрос «если их старшины и начальники примут христианство и все они пойдут в следе их» (Мырзахметов, 20) – сондықтан осы миссияны дамыту үшін – қазақтарды шоқындыру үшін миссия жүргізетін стандарт қажет».

1887 жылы Ақмола облысына қарасты Щучинск станицасынан церковный мектеп ашылса, осы станицасынан миссионерлік стан ашу мақсатында Тобыл мен Сібір епархиясының епископы Авраамий дала генерал-губернаторына 1889 жылы 22-желтоқсанда хат жолдады: «егер Щучинск станицасынан миссионерлік стан ашсақ, қазақ даласындағы көшіп жүрген көшпенділерді бір жерге отырықшылыққа сонымен қатар, христиан дінін кеңінен енгізуге мүмкіндік туар еді. Сондықтан біздің өтінішімізді қабыл алуыңызды сұраймын» – десе, даланың генерал-губернаторы Тобыл мен Сібірдің епископы Авраамийге былай деп жауап береді: «Ваше Преосвященство, что вполне сочувственно отношусь к открытию миссионерской деятельности в Акмолинской области и с особенным удовольствием изъявляю свое согласие на учреждение предположенного вами миссионерского стана в станице Щученской. Придавая, вообще, делу насаждения истины христианской веры среди кочевников первостепенное государственное значение, а потому считая своим неприменнейшим долгом всесторонне содействовать благоприятному развитию этого святого дела, не могу не высказать Вашему Преосвященству своего взгляда на миссионерскую деятельность в киргизской степи» [10]. Осы хаттардың нәтижесінде Ақмола облысына қарасты Щучинск станицасынан 1892 жылы Щучинск миссионерлік станы ашылды (ҚР ОМА. 78-қор, 60-61).

Ал, енді 1905 жылғы «Қырғыз рухани миссияның» мына бір есебінде қазақ жеріндегі миссионерлік стандарттың жұмысын жандандыру үшін қаржылай көмектескен мекемелердің тізімі берілген:

1. Мәскеудің миссионерлік қоғамы – 3030 с.
2. Курскінің епархиясы – 2040 с.
3. Псковскийдің епархиясы – 2040 с.
4. Полтавскінің епархиясы – 1000 с.
5. Новгородскийдің епархиясы – 3575 с.

6. Екатеринбург епархиясы – 1275 с.

7. Омскінің епархиясы – 2162 с. 35 т.

Басқа да православие дінінің орталықтарынан осы жылы 23389 сом 54 тиын түсті.

Тобыл шіркеуі Щучинскідегі станға жыл сайын – 250 сом, Ақмоладағы миссионерлік жұмысқа – 150 сом, Атбасарға – 100 сом, Көкшетауға – 100 сом, Қотыркөлдегі миссионерлік жұмысқа – 50 сомды жыл сайын төлеп тұрған. Сонда жылдық шығын 650 сом болған [11, 62-63-б].

Сондай-ақ Семей губернаторы А.Н. Троицкий қазақ даласындағы православие миссиясын дамыту үшін жыл сайын төмендегіше қаржы бөліп отырған:

1. Семей облысына – 300 сом.
2. Павлодарға – 400 сом.
3. Қарқаралыға – 100 сом.
4. Көкпектіге – 25 сом.

Бұл мәлімет қырғыз миссиясының 1911 жылғы есебінен алынды (ҚР ОМА. 25-қор, 2).

Кейін Түркістан мен Ташкент епископы Ыстықкөл мен Николаевкада (Ташкент облысы) жергілікті ұлдар мен қыздарды жинап, ерлер мен әйелдер монастырын ашуды ұсынды. Осылайша Жетісу облысындағы Сарқанд миссионерлік мектебі 1895 жылы ашылса, миссионерлік стан 1898 жылы ашылып, оған Василий Покровский миссионер болып тағайындалды (Тажибаев, 1962, 13).

Тағы да осындай миссионерлік бағыттағы қыздар общинасы Қостанайдан 1894 жылы 25 мамырда ашылды (ҚР ОМА. 78-қор, 85).

XIX ғасырдың екінші жартысының соңына қарай қазақ даласынан православие дінінің мекемелері ашылған үстіне ашылып жатты.

Орынбор оқу округы попечителінің нұсқауымен орыс-қазақ мектептерінде, тіпті медреселер мен мұсылман мектептерінде патшаның туған күнін (26 ақпан), таққа отырған күнін (2 наурыз), мұрагердің туған күнін (6 мамыр), патшайымның туған күні секілді мейрамдарды тойлау тапсырылды. Сонымен қатар, орыс-қазақ мектептерінде пасха мейрамы, қасиетті Троица күні, крестің көтерілген күні, қасиетті богородицаның храмға енген күні және т.б. православиелік діни мейрамдар тойлануы тиіс болды [18, 38-39-б]. Православиелік мейрамдардың тойлануымен қоса, мектептерге қазақтардың дәстүріне жат, мұсылман дінімен сыйыспайтын жаңа тәртіп енгізіле бастады. Мысалы, Ақтөбедегі екі класты орыс-қазақ училищесінде 1889 жылы орыс класы ашылғаннан бастап, «...барлық кластарда икондар ілініп, оқу сабақтарынан кейін намазбен бірге,

православиелік дұғалар (молитва) оқылатын болды, кластарда қазақтарға тебетей киюге тыйым салынды; шіркеу әндері айтылып тұрды және оған оқушы қырғыздар да қатыстырылды» (Тенол, 1965, 164).

Православиелік дін өкілдері қазақтар арасында тұратын орыстар мен шоқынған қазақтарға «діни-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу бағытында» шаралар жүргізіле бастады.

1893 жылдың желтоқсанында осы мақсатпен «Торғай облысының қырғыздары арасында тұрып жатқан орыс балалары мен жаңа шоқынған мұсылмандарды қорғау ұйымы» құрылып, оның Жарғысы қабылданды. Аталған қоғамның қолдауымен 1895 жылы Қостанай уезінің Михайлов поселкесінде шоқынған қазақтар үшін үйлер және шіркеу мектебі салынды (ҚР ОМА. 25-қор, 107).

«Алтай және қырғыз миссиясының» берген есебі бойынша 1890 жылы 20 қазақ ерімен, 11 қазақ әйелі шоқындырылған; 1893 жылы христиандыққа 25 мұсылман қазақ тартылған. А.Е. Алекторов Алтай және қырғыз миссиясының 1887 жылғы есебіне жазған аннотациясында былай деп көрсетеді: ««Қырғыз миссиясының есебінен» біз қазақтардың арасында христиандықты тарату салыстырмалы түрде аз қолдауға ие болып отырғанын көреміз» (Мустафина, 1992, 33).

Шоқынғандардың басым көпшілігін патшалықтың отарлық, әлеуметтік, ұлттық езгісінің салдарынан тұрмыстары нашарлап, қайыршыланған және ауылда көмектесетін, жаны ашитын туыстары болмағандықтан, өліп қалмау үшін осы жолға түсуге мәжбүр болған қазақтар құрады. Қазақтарды осы ауыр жағдайға душар еткен және оны ұтымды пайдаланған орыс әкімшілік орындарының бөліп берген жер, жасаған жеңілдіктер мен үлестірген несиелер сияқты жарылқауларына бола, қазақтар атын өзгертіп, мысалы, «Нұртай Аманжолов – Николай болып (1869 ж. 21 маусым)», «Қырмұрат Шомбалов – Константин болып (1870 ж. 8 шілде)» [22], «Керей Жапалақов – Георгий болып (1880 ж. 26 ақпан)» (ҚР ОМА. 25-қор 2) ата-анасының азан шақырып қойған атынан айырылып, ділі мен дінінен тайып, амалсыздан орысқа айналып кете барды.

Мәскеудің миссионерлік қоғамы өзінің 1869 жылғы 21 қарашада қабылданған жарғысының 1-тарауының 1-бөлімінде «Миссионерлік қоғам православие дінін насихаттау барысындағы миссионерлерге, кітап шығаруға, бұратана халықтардың тіліне аударылатын кітаптар

үшін миссионер аудармашыларға төленетін қаражатты түгелдей өз мойындарына алатыны айтылған» (ҚР ОМА. 25-қор, 2).

1875 жылы миссионерлік қоғамның кеңесінде Қазанның «Братство св. Гурия»-ға қарасты аудармашылар комиссиясын қайта құру мәселесі қаралды. Бұратана халықтардың тілінде мынандай көлемде кітаптар аударылды:

1. Татар тілінде – 31
  2. Чуваш тілінде – 25
  3. Черемистер тілінде – 17
  4. Якут тілінде – 12
  5. Мордва тілінде – 11
  6. Қазақ тілінде – 15
- Барлығы: 111 кітап (123-бет).

Елисеевтің жазылған кітаптары аударылды. Оның бір ерекшелігі – кітап 2 әріппен (орыс-араб) 3 текстімен жазылған. Олар: орыс, қазақ (араб әрпімен), өзбек тілінде, барлығы бір бетке бірін-бірі аударып отырған.

Аударылған кітаптар тізімі:

1. Записки миссионера Букенского стана киргизской миссии за 1892-1899 гг. – Петроград, 1900.
  2. Русско-татарский словарь. г. Тобольск, 1905.
  3. Русско-татарская азбука – г. Тобольск, 1906.
  4. Об Иисусе Христе и Мухаммед. – г. Тобольск, 1905.
  5. О единой истинной вере (қазақша-орысша). – Петроград, 1910.
  6. Ииадединь – Столпы вери. – г. Тобольск, 1910.
  7. Практические советы и разъяснения по вопросам миссионерской практики. – Москва, 1911.
  8. Учреждение противомусульманской миссии в Тобольской епархии. – Петроград, 1912.
  9. О необходимости христианской проповеди при настоящих общегосударственных реформах. – Верный, 1913.
  10. Учреждение противомусульманской миссии в Туркестанской епархии. – Верный, 1913.
  11. Можно ли коренным русским православным переходить в ислам. – Верный, 1913.
  12. Грядущая опасность. – Верный, 1913.
- О необходимости и пользе русской грамоты для инородцев России. – Верный, 1913.

Важность и значение миссионерства. – Петроград, 1912.

Аударманың қалай болу керектігін Ильминский былайша түсіндіреді: «на массу инородцев надо смотреть как на детей, которые собрались

учиться и которым учитель должен преподавать элементарные знания, развивать их ум и воспитывать их религиозные чувства. Поэтому сначала нужно предложить инородцам главнейшие факты св. истории – просто и ясно.

Жалпы осындай миссионерлік жолға бағытталған аударма кітаптар Диакон Смолиннің айтуынша 1913 жылға дейін, миссионерлікті насихаттайтын көлемді кітаптар саны – 261-ге, көлемі кішкентай кітаптар – 320-ға жетті (Батырханов, 2011, 126).

Н. Чернавский өзінің «Зерттеулерінде»: «Екатерина 2 патшалық еткен кезеңде саяси пайда әкеледі деген есеппен қабылданған мұсылман дінін құрметтеу, тіпті оған қамқорлық жасау саясаты, әсіресе, қырғыздарға кері әсерін тигізді, себебі, біз оларды ислам арқылы Ресейге тартқымыз келген еді, алайда, айтулы мақсаттарға қол жеткізгеніміз шамалы сияқты. Керісінше, біз ислам дінін қырғыздарға – бұл

жабайы пұтқа табынушыларға – өзіміз әкеліп таңдық және шамалы уақыт ішінде оларды христиандық және орыстық мәдениеттің жасампаз ықпалынан аулақ болатындай етіп, әбден мұсылмандандырдық» деп өкініш білдірді.

Қорыта келгенде, Патша үкіметі тарапынан қазақтарды шоқындыруға көтерген күш жұмсалса да, сауатты, білімді азаматтардың арқасында қазақ жерінде шоқынғандар аз болды. Біздің төмендегі келтіріп отырған кестеміз Ресей мемлекетінің тарихи архивында сақталып, сол кездегі «Қазақ рухани миссиясының» 1897, 1902, 1910 жылдары ғана берген есебінен қазақ даласындағы шоқынған қазақтар санын көрсетуге мүмкіндік болды. Ал бұдан кейінгі есептерде шоқынған қазақтар саны көрсетілмеген [Қосымша В]. Демек, патшалық орыс үкіметінің қазақ даласына күшпен жүргізген шоқындыру саясатын зерттеп, зерделеу әлі де көп ғылыми ізденісті талап етері сөзсіз.

#### Әдебиеттер

Әбенова Бибігүл Сейілқызы. 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары: диссертация. – Алматы, 2000.

Волков Д.В. Записи об Оренбургском крае // Оренбургские губернские ведомости – 1859.

Жанақов Б.М. Қазақстандағы ислам мәдениеті: Наурыз-Мұхаммед Таласұлының мұрасы: монография. – Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. 134-б.

Құранбек Әсет Абайұлы. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық (XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы). Диссертация.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/орыстандыру>

Mission of Russian Orthodox Church in Kazakhstan in the XIX Century: Activity, Exhectations and Resulrs.

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т., 2236-іс. 3-п.

ҚР ОМА. 44-қор. 3-т. 34-іс. 3-п.

Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Б. 20.

ҚР ОМА. 95-қор. 2-т. 25-іс. 22-п.

ҚР ОМА. 78-қор. 2-т. 4759-іс. 85-п.

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 2675-іс. 4-п.

Тажибаев Т.Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине 19 века. – Алматы: Казгосиздат, 1962. – 508 с.

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 2236-іс. 1-п

Батырханов Ф. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізілген миссионерлік саясаты (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы): диссертация. – Алматы. 185-б.

<http://ikaz.kz/patsha-okimetinin-zh%D2%AFrgizgen-konystan/>

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 1426-іс. 79-п

Педагогическая мысль в Казахстана во второй половине 19 века. – Алматы: Казахстан, 1965. – 164 с.

Актюбинский городской вестник. 1914. – N 18. С.1-6.(2).

(ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 1426-іс. 96,99-107-пп)

Мустафина Р.Ф. Представления, культы, обряды у казахов. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 144-б.

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 2188-іс. 2,5-пп

ҚР ОМА. 25-қор. 1-т. 2300-іс. 2-п.

ҚР ОМА 4-қор. 1 – т. 3277- іс. 13-14-пп.

#### References

Kurmanbek Aset Abaiuly, Kazak filosofiasyndagy dastur men zhanashyldyk (XIX gasyr men XX gasyrdyn basy). Dissertasia

<https://kk.wikipedia.org/wiki/orystandyru>

Zhanakov B.M., Kazakstandagy islam madeniety: Nauryz-Muxammed Talasulynyn murasy. Monografia. Astana Master PO ЖШС, 2017. 134-б.

Abenova Bibigul Seilkyzy 1986 zhylygı akımshilik-baskaru reformalarynyn Orynbor olkesine engizilui zhane onyn zardaptary, dissertasiya, Almaty 2000

Bolkov D.B. Zhapıs ob Orenburgskom krae. Orenburgskie gubernskie bedomosti– 1859.

Mission of Russian Orthodox Church in Kazakhstan in the XIX Century: Activity, Exhectations and Result.

KR OMA. 25- kor. 1-т., 2236- is. 3-п.

KR OMA. 44- kor. 3-т. 34- is. 3-п.

Myrzahmetov M., Kazak kalai orystandyryldy.. –B. 20.

KR OMA. 95- kor. 2-т. 25- is. 22-п.

KR OMA. 78- kor. 2-т. 4759- is. 85-п.

KR OMA. 25- kor. 1-т. 2675- is. 4-п.

Tazhibaiev T.T. Prosbishenie I shkoly Kazakstana bo btoroi polovine XIX veka. –Almaty: Kazgoizdat. 1962.-508s.

KR OMA. 25- kor. 1-т. 2236- is. 1-п

Batyrhanov G. Patshalyk Reseidin Kazakstanga zhurgi missiontrlik saiasaty (XIX g. Ekinshi zhartysy – XXg. Basy). Dissertasiya. Almaty 185-b.

<http://ikaz.kz/patsha-okimetinin-zh%D2%AFrgizgen-konystan/>

KR OMA. 25- kor. 1-т. 1426- is. 79-п

T. Pedagogisheski mysl v Kazakstane vo vtoroi polovine XIX veka. – Almaty: kazakstan 1965.-164s.

Aktubinskii gorodskoi vestnik 1914. – N 18. S.1-6.(2).

(KR OMA. 25- kor. 1-т. 1426- is. 96,99-107-пп)

Mustafina R.F. Predstavlenia, kulty obriady u kazaxov. Almaty.Kazak universitety 1992.144-b.

KR OMA. 25- kor. 1-т. 2188- is. 2,5-пп

KR OMA. 25- kor. 1-т. 2300- is. 2-п.

KR OMA. 4-kor 1 – т. 3277- is. 13-14-пп.